



Сынып: 8 «Б»

Сынып жетекшісі: Елюбаева Айткуль Амангельдиевна

2023-2024 оқу жылы

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Тәрбие жұмыстары бойынша 8 «б» сынып жетекшісінің

2023--2024 оқу жылындағы есебі

2023-2024 оқу жылының басында 8 «б» сыныбында оқушы саны-17, 6 қыз, 11 ұл бала болса, жылдың соңында 15 оқушы, 11 ұл бала, 4 қызбен аяқтадық. Сыныптың әлеуметтік жағдайына тоқталатын болсақ: көпбалалы 6 оқушы : Алиханов Рамазан, Ибрагимов Барзани, Кадирова Хусния, Мустафаев Махсум, Мустафаева Жасмина, Усенов Барзани, 1 оқушы Садыков Ахмет жартылай жетім (анасының тәрбиесінде) отбасында тәрбиеленіп келеді. Тәрбиесі қиын, мектептің ішкі есебінде тұратын оқушы жоқ. Мүмкіндігі шектеулі 1 оқушы – Абдурахманов Махмад.

Сынып белсенділері: сынып басшысы – Пашаева Фелис, тазалық секторы- Кадирова Хусния, оқу секторы- Кадирова Севда, ұлдар секторы- Мустафаев Махсум, қыздар секторы- Кадирова Севда тағайындалды.

Сыныпта 1 үздік, 7 екпінді оқушы, білім сапасы-56 пайызды көрсетіп отыр.

Тәрбие жоспары бекітіліп, 8 бағытта сынып оқушыларына сынып сағаты апта сайын 1 сағаттан 34 сағат талапқа сай өткізілді. Ата-аналар жиналысы да тоқсан сайын жоспар бойынша 1 рет өткізілді. Мектепшілік іс-шараға белсене қатысты.

Оқу жылының басында оқушылардың тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында оқушылардың үйлеріне барып, тұрмыстық жағдайымен танысып, АКТ жасалды. Жетекшілік ететін 8 «б» сынып оқушыларының ата-аналарына оқушылардың мектеп формасын, ережесін таныстырып өттім. Тамыз айында жоспарға сәйкес, яғни кітап тарату кестесіне сай оқушыларға оқулықтар тараттым. Оқулықтар толығымен берілді. Демек, оқушылар оқулықпен толық 100 пайыз қамтамасыз етілді. Кабинетке тазалық жұмыстарын жүргізіп, 1-қыркүйек Білім күніне арналған сыныпты безендіру жұмыстары жүргізілді.

8 «б» сынып оқушыларының тізімі анықталып, әлеуметтік паспорт толтырылды. Сыныптағы Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылар анықталып, әлеуметтік педагогке өткізілді.

Сынып жетекшілік бойынша атқарылған жұмыстарым:

- Оқушылар тізімі жасалды
- Ата-аналардан балалардың өмір қауіпсіздігі туралы тілхат алынды
- Ата-аналарға оқытудың ерекшеліктері туралы түсінік берілді

-Ата-аналар жиналысы өткізілді

-Сынып ұжымына тәрбие жоспары жасалды

-1 қыркүйек білім күніне орай ашық тәрбие сағаты өткізілді.

-1 қазан «Қарттар күніне» орай тәрбиелік іс-шара өткізілді, яғни бізге берілген шығарма жазу тапсырмасы жүзеге асырылды.

1 қазан «Қарттар күніне» орай іс-шара өткізілді. Іс –шарада 8 «б» сынып оқушыларымен зейнеткер Темиров Ибрагим ағамыздың үйіне барып, оқушылардың дайындаған өлең шумақтарын, әндерін қарттарға сый-тарту еттік.

8«б» сынып пен 7 «а» сынып оқушыларынан құралған «Түркістан» шаңырағы «Даналық бейсенбі» интеллектуалдық ойынын ұйымдастырды. Ойын өте жоғары дәрежеде өткізілді. Осы айда «Жыланбұзған» шаңырағы өткізген «Даналық бейсенбі» интеллектуалдық ойынында «Түркістан» шаңырағы жүлделі I орынға ие болды.

15 желтоқсан күні 8 «б» сынып оқушыларымен «Тәуелсіздік –баға жетпес байлығымыз» тақырыбында тәрбие сағатын өткіздім.

Әр аптада жоспарланған тәрбие сағаты өз уақытында өтілді. Тәрбие сағатында сынып белсенділерінің есебі берілді. Есепте оқушылардың сабаққа қатысуы, білім сапасы, тәртібі туралы мәселелер талқыланып отырды. Тәрбиелік іс-шараларға оқушылар белсене қатысып отырды. Соның бірі- «Ақылды бейсенбі» интеллектуалдық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Ақпан айында 8 «а» және 8 «б» сынып ата- аналарының қатысуымен «Интернеттегі ақ пен қараны ажырату» тақырыбында ата –аналарға қолдау көрсету мақсатында сабақ өтілді. Сабаққа ата-аналар белсене қатысып, өз ойларын еркін жеткізе білді.

1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай жетекшілік ететін 8 «б» сынып оқушыларымен сынып сағаты болып өтті. Алғыс айту күніне оқушылар өздерінің дайындап келген құттықтау сөздері мен жылы лебіздерін ұстаздарға, ата-аналарға, бауырларына жеткізді. Қорытынды суреттері тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Тунгушбаеваға өткізілді.

5 наурыз күні ер балалардың қатысуымен «Менің анам- ең жақсы адам» тақырыбында болып өткен сайысқа Р.Алиханов қатысып, мақтау қағазын иеленді.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай сыныптан іс-шараға оқушылар белсене қатысып, сынып сағаты өткізілді.

1 мамыр «Қазақстан халқының бірлігі» күніне орай сынып сағаты өткізілді.

7 мамыр «Отан қорғаушылар» күніне орай сынып сағаты болып өтті.

9 мамыр «Ұлы Жеңіс күніне» орай сынып сағаты өткізілді.

Оқу жылының аяқталуына байланысты оқушылардың алған оқулықтары жинақталып, мектеп кітапханашысына өткізілді.

Оқушыларға жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігі ережелері таныстырылып, ата-аналардан тілхат алынды.

Сынып құрамы тәрбиелі, өнерлі оқушылар. Болашақта білімді де білікті оқушыларды тәрбиелеу - ең негізгі мақсатым. Сынып оқушыларының бойына өз еңбегімен қатар өзгенің еңбегін қадірлеуге, тұрақтылықтылықтың тиімділігін білу, әділдікті сүю, өз ойын еркін айту сияқты қасиеттердің қалыптасуына үлес қостым. Олардың жеке тұлға ретінде қоғамның бір мүшесі екенін ұғындыра білуге өз үлесімді болашақта да, қазір де үлес қосуды міндетім деп білемін.

Сынып жетекшісі: А.Елюбаева 